



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№31 (1943) 16 ҚЫРКҮЙЕК 2024 ЖЫЛ



Жүйелі экономикалық өзгерістерге АШЫЛҒАН ЖОЛ

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмыс сапары барысында оқу ордасының оқытушыларымен және студенттермен кездесті. Жүздесуде қатысушылар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында көтерілген мәселелерді жан-жақты талқылады.

Жиында Мәлік Отарбаев жолдау мазмұнын терең түсіндіріп, оны жүзеге асыруда жастар рөлінің маңыздылығын атап өтті. «Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауы тоғыз негізгі бағытты қамтыды. Президент барлық сала бойынша түрлі бас-тамаларды көтеріп, алдағы жұмыс жоспарын бекемдеп берді. Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген барлық саяси реформалар болашақта өз жалғасын таба береді. Президент ел жастарының бойынан адалдық, еңбекқорлық және әділдік қасиеттер табылу қажет екенін үнемі айтып келеді. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. Осы тұрғыда сапалы білім алу үшін мемлекет тарапынан барлық қажетті жағдайлар жасалып жатыр. Мемлекет басшысы жастардың болашағына үнемі мән беріп отырады», – деді Мәлік Нұржанұлы.



Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев жолдауды жүзеге асыруда жастардың белсенді болуы қажет екенін баса айтты. «Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жастар. Сондықтан Президент жолдауын өскелең жас ұрпақ терең түйсініп, оны жүзеге асыруда белсенді болулары қажет. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – ғылым мен білімнің қара шаңырағы. Сондықтан ҚазҰУ студенттері саяси және қоғамдық

жұмыстарға үнемі атсалысуы керек», – деді ректор.

Жиын барысында филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы, журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай, Философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек және заң факультетінің 1-курс докторанты Назерке Жұмаділова сөз сөйлеп, жолдауда айтылған мәселелер бойынша өз ойларын ортаға салды.

Жалғасы 4-бетте

Түркі әлемі жастарының тұңғыш форумы өтеді



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раевпен кездесті.



Жүздесуде тараптар Түркі әлемі жастарының форумын өткізу бойынша жұмыс жоспарын пысықтап, келісімге қол қойды.

Биыл қараша айының 20-23 күндері өтетін ауқымды шараны ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы, Алматы қаласының әкімдігі мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырады.

Әңгімелесу барысында оқу ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев айтулы форумды өткізуде ҚазҰУ тарапынан барлық қажетті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

«Жастар форумы түбі бір түркі мемлекеттеріндегі жас буын өкілдерінің басын қосуға үлкен мүмкіндік береді. ҚазҰУ үшін осындай жоғары деңгейдегі іс-шараны ұйымдастыру үлкен мәртебе. Сондықтан университет тарапынан арна-

йы жұмыс тобы құрылады», – деді ректор.

Өз кезегінде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев түркі әлемі жастар форумының негізгі мақсатын атап өтті.

«Мақсат – түркітілдес ұлттар арасындағы бауырластық байланыстар мен достық қарым-қатынасты арттыру. Сондай-ақ бұл шараға Ресей, Молдова, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Мажарстан елдерінің жастары да қатысады. Бұл форум елімізде тұңғыш рет өткелі тұр», – деді Сұлтан Раев.

Кездесу соңында тараптар ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлы түрде жүзеге асыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан
ЖЕКСЕНБАЕВ

2-3 беттер

Жастары
білімді елдің
тұғыры
мықты



5-бет

Сырттан білікті
маман келсе,
өндіріске оң
ықпал етеді



6-бет

Мәңгі жас
Фараби
университеті



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы және студент жастармен кездесу өткізіп, ҚР Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауын талқылады.

ЖОО басшысы жүздесуде әділетті Қазақстанды құрудағы жастардың рөліне тоқталып, Мемлекет басшысының бастама-сымен елімізде орын алып жатқан елеулі өзгерістерге назар аударды.

«Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет» тақырыбындағы шараға факультет декандары, ардагер оқытушылар, профессорлар, жас ғалымдар және білім алушы жастар жиналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауы ел экономикасын жақсартуға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, жастардың тұлғалық белсенділігін арттыруға негізделген ауқымды жоспарларды қамтыды. Ғылым және жоғары білімді дамыту, үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту мәселелері ортаға салынды. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру, жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыру қарастырылды.

Сондай-ақ ұлттық мүдденің мызғымастығы, ұлт өмірінің сапасын арттыру, қауіпсіздік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге де айрықша маңыз берілді. Бұл тапсырмалардың деңізі университет өмірінде іске асырылып жатыр, алдағы уақытта да жүйелі жалғастыратын боламыз.

«Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор

Жастары білімді елдің тұғыры мықты

мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек», – деді Президент. Қарапайым тілмен жеткізілген қағида, сондықтан жастарға ұғынықты деп ойлаймын.

Бірінші курс студенттеріне айтарым, сіздер мегаполиске жан-жақтан келдіңіздер. Үлкен қаладан, өркениеттер ортасынан бойларыңызға тек жақсы қасиеттерді сіңіріп, терең білім, ақыл-ой жинақтауға тиіс-сіздер. Президент тағы да былай дейді: «Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, ең алдымен, ел бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет». Бұл да біздің жастарымыздың қолынан келетін дүние, қиын ештеңе сұрап тұрған жоқ. Сол сияқты ел бірлігін, өзара татулықты сақтау басты қағидаға айналуы керек. «Бірлік болмай, тірлік болмас» дейді халық даналығы.

Бұл бекерден-бекер айтылған сөз емес. Президент бұған дейін де бірнеше мәрте айтты. «Тәуелсіздік – ең қасиетті, қастерлі құндылығымыз, ең басты байлығымыз». Осы баға жетпес құндылығымыздың қадірін біліп, қуатты Қазақстанды дамыту – жастардың қолында. Мемлекет басшысы бәрімізді бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құруға шақырып отыр.

«Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет» деп атап өтті.

Біз бүгінгідей жайлы өмірге оп-оңай жеткен жоқпыз. Әр кезеңнің, әр заманның өз қиыншылығы болады. Қазір жан-жағымызда қандай бейберекетсіздік, соғыстар болып жатыр, оны да көріп отырсыздар. Біртұтас, кезінде тату-тәтті өмір сүрген мемлекеттер Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қандай күйге түсті? Тәжікстандағы азамат соғысы, Қап



елдеріндегі кикілжіңдер, Армения мен бауырлас Әзірбайжан арасындағы текетірес, Ресей мен Украина арасындағы ауыр ахуал. Осындай жағдайда, Президентіміз айтқандай, біз ел мен жерді қорғай аламыз ба, қорғауға дайынбыз ба? Өздеріңіз білесіздер, біздің шекарамыз жеті жарым мың шақырымға созылып жатыр. Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді қорғап қалу үшін біз қандай болуға тиіспіз? Ол үшін қорғанысы мықты, қару-жарағы күшті, білімі мен өркениеті бәсекеге қауқарлы ел болғанымыз абзал. Мемлекет басшысы осы саясатты ұстана отыр. Ортақ мақсатқа жету үшін оқытушы-профессорларымыз табанды еңбек етіп, студенттеріміз үлгілі шәкірт атанады деп көміл сенемін.

Құрметті жастар, биыл біздің университетіміздің құрылғанына 90 жыл толды. Он жылдан кейін бір ғасырлық тарихқа қол жеткіземіз. Еліміздегі ең алғаш құрылған оқу ордаларының бірі. Абай атындағы педагогикалық университет 1928 жылы құрылса, біздің университетіміз 1934 жылы іргетасын қалады. 1934 жылы 15 қаңтарда алғаш 54 студент қабылда-

нып, олар екі факультетте, атап айтқанда физика-математика және биология факультеттерінде білім алды. Қазір 16 факультетте 26 мыңнан астам студент бар. Бұл университетте кезінде Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Зейнолла Қабдолов сынды қазақтың көрнекті тұлғалары дәріс оқығанын мақтанышпен айтамыз. Қазіргі ҚазҰУ қалашығының бой көтеруіне халқымыздың қайраткер тұлғасы Дінмұхамед Қонаев басшылық жасады. Сондай-ақ профессор Асқар Закарин, академик Өмірбек Жолдасбековтің еңбегі зор. Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Кемел Тоқаев, Сағат Әшімбаев, Мырзатай Жолдасбековтер өздеріңіз сияқты студент болған.

Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары мемлекеттік қызметке ҚазҰУ түлектері мен оқытушылары жаппай шақырылды. Олардың барлығы жан аямай еңбек етіп, жоғары лауазымды қызметтер атқарды. Атап айтсақ, ҚР премьер-министрлері: Иманғали Тасмағамбетов, Бақытжан Сағынтаев, Әлихан Смайылов. Жоғарғы сот төрағалары: Жа-

қып Асанов, Қайрат Мәми, Мұсабек Әлімбаев. Елші-дипломаттар: Қанат Саудабаев, Қайрат Әбусейітов, Мұхтар Тілеуберді, Дәурен Абаев. Президент кеңесшілері: Бауыржан Омаров, Мәлік Отарбаев. ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары: Қазыбек Иса, Жанарбек Әшімбаев, Айдос Сарым және басқалар. Танымал бизнесмендер және қайраткер тұлғалар: Нұрлан Смағұлов, Берік Қаниев, Арманжан Байтасов, Марғұлан Сейсенбаев, Салтанат Байқошқарова және т.б. біздің түлектеріміз.

Мемлекет басшысы жолдауында алдыңғы қатарлы алты шетелдік жоғары оқу орнының ашылғанын атап өтті. Соның екеуі біздің университетімізде ашылды. Атап айтқанда Мәскеу ұлттық ядролық зерттеу университеті және Солтүстік-батыс политехникалық университеті. Бұған дейін Ыстамбұл қаласында, Бішкек қаласында Президент қатысуымен ҚазҰУ филиалы ашылған болатын. Алдағы уақытта Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде ҚазҰУ филиалын іске қосу жоспарланып отыр.

Биыл оқу орнымыз QS WUR халықаралық рейтингінде өз көрсеткішін 67 позицияға жақсартты. Әлемдегі Top-200 университет қатарына кіріп, 163-орынға табан тіреді. Al Times Higher Education University Impact Rankings – 2024 халықаралық рейтингінде Top 401-600 орынға ие болды. Білім ордасы бірден 400 позицияға алға жылжып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. QS Asia University Rankings халықаралық рейтингінде 29-орынға ие болды.

Бүгінгі таңда білім ордасы



ғылыми зерттеу университеті мәртебесіне сәйкес, университетті ғылымды кешенді дамытуға күш салып жатыр.

Биыл бірқатар зертханалар оқытушылар мен студенттер игілігіне берілді. Географ-ғалымдарымыз ұтып алған 3,8 млрд теңгенің мегагранты аясында факультетте «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы ашылды. Орнықты даму мақсаттарын іске асыратын 10 инновациялық зертхана Ұлттық даму жоспарының негізгі көрсеткіштерін толықтай қамтамасыз етуге бағытталған. «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасы іске қосылды. Жаңа орталық Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруінен болатын су тапшылығы, құрғақшылық, жердің құнарсыздануы, аймақтағы су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғи қауіп-қатерлерге мониторинг жүргізеді. Химия және химиялық технология факультетінде ашылған заманауи «Farabi Chem Science» тоғыз ғылыми зертхана кластері тұсауын кесті. Мұнда мұнайхимия саласында тереңдетілген зерттеулер жүргізіледі.

Отандық медициналық-биологиялық құралдар мен бактерияға қарсы қорғаныш жабындарын алудың оңтайлы әдістері әзірленеді. «Chemical Coating innovations» (Гальваника) ғылыми-өндірістік орталығының гальваникалық қаптамалары машина жасау өндірісін дамытуға септігін тигізеді. Ғылым қызметкерлері күнінде «Фараби» заманауи обсерваториясы пайдалануға берілді. Мұнда ғарыш әлеміне қызығушылар деректерді өңдеу, жинау және тарату, қашықтан басқару, фотометрлерді қолдану, ірі телескоптармен жұмыс істеу әдістерін үйренеді. Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы аумағында «5G/5.5G коммуникациялық технологиялар» зертханасы құрылды. Оның ашылу салтанатына Қытай Халық Республикасы мемлекеттік кеңесі премьерінің орынбасары Лю Гочжун қатысты.

Орталықта телекоммуникациялық байланыс жүйелерінің мамандарын даярлау, жаңа технологияларды меңгеріп, интернет жылдамдығын жетілдіру, 6G желісін енгізу жұмыстары атқарылады. Қазір «Farabi HUB» инновациялық орталығының құрылысы аяқталды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы мемлекет басшылары кеңесінің отырысы аясында екі келісімге қол жеткізген болатынбыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуі аясында суперкомпьютер орнату бойынша ресми құжатқа қол қойылды. Бұл ғылыми зертхана жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы ғалым-сарапшыларға деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Екінші келісім 2025 жылдан бастап ҚазҰУ ғарышқа наноспутник ұшырады.

Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен микроспутниктік ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асыру жоспарланды.

ҚазҰУ-дың Инновациялық технологиялар паркі өндірістік робототехника және роботтандыру бойынша инженерлік компетенция орталығын ашуды қарастыруда.

Ал халықаралық байланыс – оқу орнының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі.

ҚазҰУ Батыс және Шығыс Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Тынық мұхиты аймағындағы 650-ден астам жоғары оқу орындарымен және ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста. Білім ордасында 120 мамандық бойынша Еуропа, АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азия, Ресей университеттерімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылады. Студенттеріміз Еуропаның жоғары оқу орындарымен қатар, Түркия, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай, тағы да басқа елдердің университеттерінде білімін жетілдіру үстінде.

Кейінгі жылдары университетке АҚШ, Жапония, Германия, Ресей, Франция, Ұлыбритания, Қытай, Түркия, Нидерланды, Бельгия, Қырғызстан, Словакия елдерінен 250-ге жуық шетелдік студент келіп, білім алды.

Жалпы, ҚазҰУ-да әлемнің 54 елінен 3928 шетелдік студент білім алуда. Жақында Париж қаласында өткен жазғы олимпиада ойындарына баршамыз куә болдық. Сол халықаралық жарыста біздің түлектеріміз және 12 спортшымыз сынға түсті. Елдос Сметов алтыннан алқа тақса, Ғұсман Қырғызбаев, Нариман Құрбанов күміс медальға ие болды. Ақтық сынға шыққан Әбиба Әбужақынова, Арина Алтуховалар – біздің студентіміз.

Жаз айының басында 1986 жылы салынған 3000 орындық стадион күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Жаңа стадион Орталық Азиядағы Топ-1 талабына сәйкес келеді, халықаралық стандарттарға сай. Бос уақыттарыңызды босқа жібермей, спортпен айналысыңдар.

ҚазҰУ қалашығында студенттерге жасалған қолайлы жағдайлар жеткілікті. Осыған дейін оқу корпустарына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жатақханалар жаңартылды. Асхана, кофеханалар желісі, баспа және көшірме орталығы ашылды. Қазіргі сәтте ҚазҰУ құрылысының екінші кезеңі жүруде.

Құрылыс жұмысына Мемлекет басшысы үлкен қолдау көрсетіп отыр. Жоспарлы құрылыс аясында Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұған қосымша, оқу корпустары мен жатақхананың құрылысы басталды.

Алдағы айларда университетіміздің 90 жылдық мерейтойын атап өтпекпіз. Қазір мерейтойға қызу дайындық үстіндеміз. Бірнеше халықаралық шаралар, саммиттер жоспарланып отыр. Бұл жыл біздің ұжым үшін табысқа толы болады деген ойдамын.

Құрметті білім алушылар, біз сіздердің білікті маман болып шығуларыңыз үшін қолдан келген бар жағдайды жасаймыз. Білім алған университеттеріңіздің патриоты болыңыздар. Сонда сіздер еліміздің де патриоты боласыздар!

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Мичиган университеті өкілдерімен кездесу

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Мичиган университетінің өкілдерімен кездесу өтті. Басқосуда бірлескен ғылыми зерттеулерге, студенттер мен оқытушылар алмасуға, сондай-ақ бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысты негізгі мәселелер талқыланды.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мичиган университеті сияқты беделді университеттермен орнатылған әріптестік қазақстандық білім берудің әлемдік кеңістігіне интеграциялануына ықпал ететінін атап өтті.

ҚазҰУ ректоры қонақтарды білім ордасының қызметімен, материалдық базасы және халықаралық ынтымақтастық бағыттарымен таныстырды.

Бүгінде университет АҚШ-тың 18 ЖОО және ұйымдарымен

серіктестік қарым-қатынаста. 2023/24 оқу жылы тығыз ынтымақтастықтың арқасында АҚШ-тан төрт оқытушы мен 53 студент оқу, ғылыми тағылымдама және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау мақсатында ҚазҰУ-ға жіберілді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша өткен жылы ҚазҰУ-дың 29 студенті мен 12 оқытушысы АҚШ университеттерінде білім алып, ғылыми тағылымдамадан өтіп, зерттеу жұмыстарына қатысты.

ҚазҰУ басшысы оқу орны-

ның Халықаралық білім беру жөніндегі америкалық кеңес-термен тығыз байланыста жұмыс істеп келе жатқанын атап өтті. Бүгінге дейін 120-дан астам америкалық студент «Флагман» бағдарламасы бойынша филология факультетінің тілдік бағдарламасына және халықаралық қатынастар факультеті жанындағы RLASP бағдарламасына 300 студент қабылданды. Қазіргі уақытта АҚШ-тан 43 студент ҚазҰУ-да тілдік курстарда оқиды. Шетелдік оқытушыларды тарту аясында университетке АҚШ-тан төрт профессор шақырылды.

Келіссөздер барысында тараптар студенттерге арналған тағылымдамадан өту бағдарламаларын, бірлескен конференциялар мен семинарлар ұйымдастыруды, сондай-ақ ғылыми жобаларға гранттар алу мүмкіндіктерін талқылады. Кездесу нәтижесінде тараптар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ортақ жобалар іске асады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Таиланд Корольдігінің және Чуалонгкорн университетіндегі «Халал» ғылыми орталығының делегациясын қабылдады.

ҚазҰУ Таиландтың жоғары оқу орындарымен бұрыннан қарым-қатынас орнатқан болатын. ҚазҰУ делегациясы 2013 жылы Азия аймағының жетекші университеттері – Чуалонгкорн университеті (Таиланд) және Сеул ұлттық университеті (Оңтүстік Корея) ұйымдастырған «Азия университеттерінің болашағы үшін жаңа көзқарас құру» атты Азия университеттерінің II форумына қатысты. Кездесу барысында университет өкілдері ынтымақтастықты орнату және дамыту, сондай-ақ одан әрі өзара іс-қимылдың жолдарын анықтау мәселелерін қарастырды.

2021 жылы Чуалонгкорн университетінде «Әл-Фарабидің қазіргі әлемге қосқан үлесі» тақырыбында халықаралық ғылыми семинар өтті, оған ҚазҰУ өкілдері қатысып, баяндама жасады. Чуалонгкорн университетінің өкілдеріне ҚазҰУ қызметіне қызығушы-



лық танытқаны үшін алғыс білдірген ректор Жансейіт Кансейітұлы ынтымақтастықтың ықтимал бағыттары жан-жақты және өзара іс-қимыл перспективалары ауқымды екенін атап өтті. Ғылыми-зерттеу қызметі, академиялық алмасу және басқа да салалардағы бірлескен жобаларды іске асыру мақсатында нақты қадамдарды талқылау және әзірлеу қажет.

Өз кезегінде делегация басшысы, Таиланд Корольдігі елшілігінің өкілі, доктор Оратай Фубунлап Гунасилан ҚазҰУ өкілдерінің қонақжайлылығы үшін алғыс білдірді.

Кездесу серіктестікті дамыту және бірлескен ғылыми-зерттеу, білім беру жобаларын іске асыру мәселелерін талқылаумен аяқталды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Жүйелі экономикалық өзгерістерге ашылған жол

Соңы. Басы 1-бетте

Өте маңызды тарихи құжат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауының орны да, мәні мен маңызы да ерекше, бөлек болды деп есептеймін. Жолдау тақырыбының астарында үлкен мән жатыр. Ұзақ жылдарды қамтитын, үлкен-үлкен стратегиялық мақсаттарды көздейтін, ең бастысы, мемлекеттік тәуелсіздігіміз бен ұлттық мүддемізді, елдің бейбіт өмірі мен жеріміздің тұтастығын, адамдық, кісілік құндылықтар мен адал еңбекті бағалайтын, бірлігі мықты қоғам құруды басты орынға қоятын Президент ой-толғамдары ешқайсымызды бейжай қалдырған жоқ.

Білім мен ғылым саласына, денсаулық сақтау жүйесіндегі жылдар бойы шешілмей келе жатқан түйткілдер, әсіресе экономикаға, өндіріске, ауыл шаруашылығы мен су, орман шаруашылығына қажетті білікті мамандар даярлаудағы жіберіп алған кемшіліктерімізге ашық тоқталған Президент алдымызға үлкен мақсаттар қойды. Көтерілген белесіміз табыстарымыздың басы ғана деп ойлаймын. Университетіміз жолдауда алдымызда межелеген, белгіленген белестердің барлығын да табыспен еңсеретініне,



жоспарланып отырған стратегиялық жобалардың барлығын жүзеге асыратынына сенімім мол. Түйіндей айтқанда, Президенттің биылғы халыққа жолдауы өміріміздің барлық саласын, яғни экономикамыз, әлеуметтік мәселелер, ұлттың қауіпсіздігі мен әскери қуаты және дайындығынан бастап, білім мен ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет пен өнер, әдебиет пен руханият сияқты қоғамның қан тамырындай болған өзекті мәселелердің шешіміне жауап іздеген өте маңызды тарихи құжат, елдік дамуымыздың күре жолын, басты бағытын айқындап берген жолдау деп есептеймін.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
ф.ғ.д., профессор,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері

Жас ғалымдарға ерекше екпін берді

Мемлекетіміздің дамуы мен өркендеуі жолындағы қоғамның тыныс-тіршілігіне етене араласатын жас буын ретінде қоғам алдында тұрған өзекті сын-қатерлерге байланысты өз азаматтық ұстанымды білдіріп, Мемлекет басшысының жолдауында қарастырылған мәселелер жайлы өз ойыммен бөліскім келеді.

Біз, заңгерлер үшін, Мемлекет басшысының бұл жолдауының атауының өзі маңызды сипатқа ие болып отыр. Себебі еліміздегі саяси ахуалдың негізгі бағыттары мен жүзеге асырылуы тиіс басты реформаларды айқындайтын стратегиялық маңызды құжаттың бірден-бір сипаты заң мен тәртіп идеологиясын тереңдету екені айқындалды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел дамуы үшін жасалатын қадамдарды қадап тұрып айтуы ерекше әсер қалдырды. Бір сөзбен айтқанда, бұл жолдау өзіндік нақтылығымен, ұғынықтылығымен ерекшеленеді. Осыған дейін қабылданған маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен саяси құжаттардың жалғасы болып табылатын бұл жолдау заң саласының қызметкерлері мен біздей жас ғалымдарға ерекше екпін береді.

Бұл сан саланы қамтыған,



сараланған салмақты стратегиялық жоспар болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Осы жолдау халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді және нақты бағыт-бағдарымызды айқындағаны мәлім.

Президент жолдауында барлық сала бойынша қамтылған мәселелерді түбегейлі әрі дұрыс шешілуін жүзеге асыру үшін заң үстемдігін орнатуға белсенді үлес қосу – әр азаматтың парызы. Әділетті Қазақстан – заң мен тәртіп үстемдік құратын ел. Барлық салада заң үстемдігі қағидатын сақтау – еліміздің серпінді дамуының берік кепілі.

Назерке ЖҰМАДІЛОВА,
заң факультетінің
1-курс докторанты



Кадр тапшылығын жоюға мән берілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында еліміздің алдағы уақыттағы сапалық дамуын анықтаған тоғыз бірдей басымдықты нақтылап берді. Өздеріңізге мәлім, тоғыз бағыттың ішіндегі бесінші бағыт еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыруға арналған. Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Ең алдымен су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажеттігі жолдауда баса айтылды. Сондай-ақ келешекте сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл тұрғыда жоғары білім мен зерттеу университеті ретінде әлемдік позициясын нық ұстаған Фараби университеті бүгінде заман сұранысына ие жаңа мамандықтарды ашуда көш бастаған іргелі оқу орны. Соның нақты мысалы, университет қабырғасында криптология мамандығының ашылатыны туралы жаңалық еліміздің ғылыми қоғамдастығына қозғау салған оқиғаның бірі болды.

Президент биылғы жолдауында: «Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық



басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады», – деген еді. Осы тұрғыда еліміздің инновациялық саясатындағы тарихи жаңалық деп айтуға лайық оқиғаның бірі Фараби университетінде әлемдік технология ғаламаты – суперкомпьютердің орнатылуын университетіміздің ғалымдар қауымдастығы зор қуанышпен қабылдағанын байқаймыз.

Мемлекет басшысының балалар қауіпсіздігіне баса назар аударғаны өте құптарлық жайт. Қазірде интернет әлеуметтік желіде бақылаусыз немесе мақсатты түрде деструктивті ақпараттың түрлі ағымын та-

ратудың алаңына айналып отырғаны жасырын емес. Сондықтан журналистика факультетінің оқытушыларына артылар жауапкершілік жүгі орасан. Журналистика факультетінің базасында жүзеге асып жатқан 27 білім беру бағдарламасы бүгінде еліміздің ақпараттық кеңістігінде ізгі құндылықтарды дәріптейтін білім бағдарламалары деп айтуға толық негіз бар.

Мемлекет басшысы Астанада жасанды интеллектің ұлттық орталығы құрылатыны туралы жаңалықты сүйіншілеп жеткізді. Білім және ғылым саласында да жасанды интеллектің бүгінде жаппай енгізіліп жатқаны белгілі. Фараби университетінің ақпараттық технология факультетінде бұдан бірнеше жыл бұрын Жасанды интеллект кафедрасының ашылуы да осы саланы тыңғылықты зерттеп, мұқият зерделеуге мүмкіндік туғызды. Біз де осы тарапта бұл бағыттағы жұмысты толық зерделе, журналистика факультетінде келешекте журналистикадағы жасанды интеллект білім беру бағдарламасын ашуды көздеп отырмыз.

Қанат ӘУЕСБАЙ,
журналистика
факультетінің деканы

Идеологияны өндіруші – азаматтық қоғам

Президенттің биылғы жолдауының басты ерекшеліктерінің бірі – оның Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың III отырысында сөйлеген сөзімен тығыз байланысты құжат екенін атап өту қажет. Ұлттық құрылтай мүшелері тарапынан келіп түскен 107 ұсынысты жинақтап, оларды жолдауға пайдаланудың демократиялық механизмі қалыптасып отыр. Бұл Орталық Азия ғана емес, постсоветтік елдердің ішінде алғаш рет қоғамдық-саяси тәжірибеге еніп отырған маңызды институт. Айта кету керек, Ұлттық құрылтай форматын кейінгі уақытта Қырғыз Республикасы да пайдалана бастады. Өзбекстан мемлекеті де қызығушылық танытып отыр. Идеологияны өндіруші – азаматтық қоғам. Бізде азаматтық қоғам толық қалыптасып үлгермеді. Дегенмен «арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін» механизм ысылып шықты. Ол – Ұлттық құрылтай. Бір сөзбен айтқанда, бұл Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының бірте-бірте іске



асып жатқанының айшықты көрінісі.

Ұлттық байлықтың барлық элементтерін эксперименттік ақшалай бағалау постиндустриал қоғамның ұлттық байлық құрылымында, қорытынды бағалаудың 2/3 бөлігін құрайтын адами капитал басым екенін көрсетті. Табиғи капиталмен қамтамасыз ету ұлттық байлықтың орта есеппен 1/5 құрайды. Дамыған елдердің экономикалық артықшылығы адами капиталды құр ұлғайта беруге емес, адамның шығармашылық қызметінің нәтижелерін өндірісте пайдалануына,

қайта өндірілетін ресурстардың көлемі мен сапасына негізделген. Демек, әлемнің дамыған елдерінің көш басын бермей келе жатқанын терең зерделейтін кез келді.

Қазіргі кезде діни деструктивті қауымдастықтардың тырнағына жастардың ілігуі толастамай отыр. Оның себебі – жастардың сыни пайымының жоқтығы. Діни догмалардың да өршіп жатқаны осыдан. Сондықтан мектепке аталған пәндермен бірге «Сыни ойлау» пәнін де енгізу керек деп есептейміз. Ал бұл сабақтың негізі философия екені дау тудырмаса керек. Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің ғалымдары әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бағытында, философия, саясаттану, әлеуметтану, дінтану, мәдениеттану, педагогика, психология салаларында іргелі зерттеулер жүргізіп, нәтижелерін оқу үдерісіне енгізіп келеді.

Әсет ҚҰРАНБЕК,
Философия кафедрасының
меңгерушісі

Ғалым-ұстаздың көп қырының бірі – сараптама жасау. Сондықтан қоғамдағы кез келген өзекті мәселе, әсіресе саяси әлеуметтік-экономикалық түйткілдер Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сарапшыларының назарынан тыс қалмайды. Олар ішкі-сыртқы жағдайды жіті бақылап, зерттеу-талдау жұмыстарын ғылыми ізденістерінде, дерістерде қолданады. Сондай ғалым-сарапшының бірі – социология ғылымының докторы, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры Мәнсия Садырова «Qazaq universiteti» газетінің сауалдарына жауап береді.

– Мәнсия Сапарғали-қызы, қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – ішкі-сыртқы көші-қон жағдайы. Сіздіңше, инфрақұрылымның дамуына миграцияның кері әсері бар ма?

– Негізі, ел ішіндегі көші-

лардың көбі – оңтүстік тұрғындары. 2020 жылы Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстарынан, Шымкенттен 167 мың азамат көшіп кетті (бұл елдегі жалпы қоныс аударушылардың 49 пайызына тең). Қазақстандағы облыс ішін-



«K-Chang» ашық кітапхана бұрышы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде Оңтүстік Кореяның Кёнсанбук-до провинциясының «K-Chang» I халықаралық ашық кітапханасы филиалының ашылу салтанаты өтті.



Сырттан білікті маман келсе, өндіріске оң ықпал етеді

қонға бірнеше фактор себеп болады. Алдымен ел аймақтарының біркелкі дамымауы, сондай-ақ түрлі өңірде табыс пен прогресс мүмкіндігінің әртүрлі болуы ықпал етеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы айтар болсам, ауылдық аймақта аз перспективаға байланысты және айлық жалақының жоғары болмауы себепті ондағы халық мегаполистерге, қалаларға көшіп жатыр. Өйткені Алматы, Астана, Шымкент сияқты ішкі мигранттар ең көп баратын ірі қалалардағы әлеуметтік және экономикалық саланың дамуы көші-қонға түрткі. Кәсіпті ауылға қарағанда қалада бастау әлдеқайда ыңғайлы және жылдамырақ. Ауылдан қалаға немесе бір қаладан екінші қалаға көшетін жастарды үш топқа бөлуге болады. Олар: үлкен қаладағы өмірге бейімделіп алғандар; қылмыс жолына түсіп кеткендер; қала өмірінің қарқынын көтере алмай, кері қайтқандар.

Мәселен, біздің елімізде 2020 жылы ішкі миграция мен урбанизация деңгейі төмендеді. Ал пандемия елдегі көші-қон процесіне әсер етті деуге болады. Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2020 жылы бір облыстан екіншісіне қоныс аударатын қазақстандықтардың саны 20 пайызға төмендеді. Ал өз облысы аумағында мекенжай ауыстыратын ауыл және қала тұрғындары саны 26 пайызға азайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, басқа аймақтардан көшкендердің жартысынан көбі (52 пайыз) Алматыға (72,7 мың), Астанаға (66,5 мың), Шымкентке (39,4 мың) тұрақты тұруға қоныс аударған. Осы мегаполистердің әрқайсысына қоныс аударушылар саны 2020 жылы 12-22 пайызға төмендеген. Халықтың, әсіресе, Астанаға қоныс аударуы азайған (22 пайыз). Басқа облыстарда көші-қон сальдосы теріс, яғни сол аймаққа көшіп келгендерге қарағанда ол жерден кететіндер көп. Көптеген облыста миграция тенденциясы ұқсас. Кеткендердің жартысы мегаполистерге, Ақмола және Алматы облыстарына қоныс аударады, қалғаны өзі тұрған мекенге көршілес облыстарға кетеді. Ішкі қоныс аударушы-

дегі, яғни аймақтық көші-қонның ауқымы үлкенірек. Былтыр 501,6 мың адам өз аймағында қоныс аударған. Бұл көрсеткіш 2019 жылға қарағанда 178 мың азаматқа немесе 26 пайызға аз. Халық бір облыс ішінде көшіп жүрсе де, сол аймақтағы қалаға қоныс аударады, яғни аймақтық көші-қон урбанизациялық сипатқа ие. Әсіресе, 2020 жылдың қаңтары мен қарашасы арасында Түркістан облысынан көшіп кеткендер көп. Олардың саны – 14,8 мың адам. Бірақ табиғи өсім көрсеткіші 38,6 мың адам болып, облыстағы халық саны осы көрсеткіш бойынша көбейді. Қазір Түркістан облысында 2,028 миллион азамат тұрып жатыр.

Ел үкіметі 2013 жылы қабылдаған «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасында жұмыс күшіне тапшы аймақтарға халқы тығыз орналасқан өңірлерден еңбекке қабілетті отбасыларды көшіру туралы айтылған. Нәтижесінде оңтүстіктен солтүстікке көш түзегендердің саны артып келеді. Еліміздің Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарынан келген делегацияның қатысуымен Мақтаарал мен Сарыағаш аудандарында жұмыссыздарға арналған «Өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің» ұйымдастырылуы да бағдарлама шеңберінде жүзеге асуда.

Зерттеу нәтижесі бойынша қазірден бастап халықтың орналасуында дисбаланс бар. Халықтың 38 пайызы оңтүстік өңірлерде қоныстанған. Ал Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы халық саны 17 пайызды құрайды. Егер мұндай үрдіс жалғаса берсе, 2050 жылға таман оңтүстік халқының саны 5,2 млн адамға жетеді. Бұл – солтүстіктегі тұрғындар санынан төрт есе көп болады деген сөз.

Миграция процесінің инфрақұрылымға әсері бар. Бірінші орында аймақтық әлеуметтік құрылымы өзгереді. Халық санының өсуі жол қатынасын, көліктер кептелісін, тұрғындарды үймен, білім орындарымен, медициналық мекемелердің

жеткілікті қызмет етуін қамтамасыз ету т.б. әлеуметтік мәселелердің туындауына алып келеді. Сонымен қатар тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету еңбек нарығындағы бәсеке деңгейіне байланысты қалыптасады.

– Жұмыссыздық салдарынан жастар Еуропаға, Корея және т.б. елдерге ағыла бастады. Мұның арты қандай қиындықтарға алып келуі мүмкін?

– Соңғы жылдары елімізден 100 мыңнан астам түлек шетелге кеткен. Олардың арасында болашақта Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосатын небір талантты жастар, ғылыми қызметкерлер, өршіл, дарынды жаңа буын өкілдері бар. Негізгі себеп – шетелде өмір сүру сапасы мен білім беру деңгейі бізден айтарлықтай жоғары. Оның үстіне шетелде білім алу жыл сайын қолжетімді бола түсті. Мәселен, Германияда жоғары білім алу тегін, басқа елдердің жоғары оқу орындары да өзге ел азаматтарына түрлі стипендиялық бағдарламалар ұсынады. Қазақстанда да сапалы білім алып, жұмыс тәжірибесінен өтуге мүмкіндік бар. Дегенмен жұмыс іздеп, тапқан табысы арқылы әлауқатын жақсарту мақсатында шетелге баратын азаматтар қатары аз дей алмаймыз. Бұл процестің қиындығы, салдары баршылық. Шетелге жұмысқа кеткен жастар еліміздегі жастар санының азаюына, демографиялық өсімнің төмендеуіне алып келеді. Сыртқа кеткен жастардың көбі өзінің мамандығы деңгейінен төмен жұмыстарға орналасады. Қайтадан оқуға, тест тапсыруына тура келеді. Тағы бір айтарым, шетелге жұмысқа кеткен жастар ресми ұйымдар арқылы шықпаса, олардың әлеуметтік қауіпсіздігі сақтала бермейді. Заңсыз миграцияның құрбаны болады. Жеке куәліктерінен айырылса, олардың ақысыз, мәжбүрлі жұмыс істеуіне, жоғалып кетуіне алып келетін жағдайлар болады. Сондықтан шетелге шықпас бұрын, жастар осы жағын ойлауға тиіс.

– Есесіне соңғы жағдайларға байланысты Ресей-

ден біршама мамандар Қазақстанға келді. Сырттан келетін жұмыс күшінің экономикаға, жалпы қоғамға пайдасы қандай?

– Сыртқы геосаяси тұрақсыздыққа байланысты халықтың табысы азайып, баға өсті. Ресейден келген мигранттар еңбек нарығына, жалға берілетін пәтер нарығына салмақ салды. Алдағы уақытта Ресейдегі экономикалық-саяси жағдай нашарлай береді. Тиісінше, Қазақстанға келетін ресейліктердің де қарасы көбеюі мүмкін. Келген мигранттарға олардың отбасы қосылады. Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов Ресей мен Украинадан келген мигранттар легі туралы: «Мұның жақсы жағын көруіміз керек. Бізге білікті мамандар келіп, өз орнын тауып, кәсіп ашып, жұмыс орындарын құрып, салық төлесе, Қазақстан тек ұтады», – деді. Мәжіліс спикері бұл ішкі нарықтағы бәсекелестікті де дамытатынын, қазақстандық бизнес бұған дайын болуы керекін айтты. Нәтижесінде халық бұдан ұтады, өйткені тауарлар мен қызметтердің сапасы жақсарады. Себебі олардың арасында үлкен қаржылық топтар мен бизнес өкілдері бар. Мигранттардың ішінде «аласы да, құласы да» болуы заңдылық. Сондықтан, қалай болғанда да, өте абай болғанымыз жөн. Өткен жылғы дерек бойынша, Ресейден келген азаматтардың 6350-і ғана жұмыс іздеп келгенін білдіріпті. Әрине, сырттан жұмыс күші келгенде көпшілік «біздің жұмыс орнымызды өзге елдің азаматтары тартып алады» деп қорқады. Бірақ оның да оң жағы бар. Қазақстанға білікті мамандар келіп жатса, бұл – білім импорты деген сөз. Ресейден келген мигранттардың сапасы жоғары болса, біліктілігі жоғары жаңа салаларды дамытатын мамандардың келуі өндірістің дамуына қолайлы әсер етеді. Оң бәсекелік өнім беріп, қызмет сапасының жоғарылауына алып келеді.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Іс-шараға әлеуметтік даму жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Сәбит Суатай, Кёнсанбук-до провинциясының губернаторы Ли Чол У, Ауыл шаруашылығы және балық шаруашылығы департаментінің төрағасы Шин Хек Ван, Кёнбук өнер және мәдениет қорының мәдениет және өнерді дамыту жөніндегі атқарушы директоры Чой Джонг Су, «Жаңа әлем» компаниясының бас директоры Ли Сунг Хи, Оңтүстік Корея Республикасының Алматыдағы бас консулы Пак Нэ Чон, консул Чой Мун Хи және университет оқытушылары мен студенттер қатысты.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Кореяның 59 жоғары оқу орнымен тығыз байланыс құрып, бірлескен жобаларды іске асырып, академиялық ұтқырлық бағытын дамытуда. Қазіргі уақытта шығыстану факультеті Ханкук шет тілдер университеті, Дунгук университеті, Каньын-Вонджу университеттерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді. Сеул ұлттық университетімен де жоғары деңгейде байланыс орнатылған. Каннам университеті мен Пусан шет тілдер университетімен қос диплом бағдарламасы әзірленген.

Биыл ҚазҰУ-дың құрылғанына 90 жыл және корейтану бөлімінің ашылғанына 30 жыл толып отыр. Оңтүстіккореялық әріптестер ұсынған «K-Chang» халықаралық ашық алаңындағы кітапхана бұрышында корей тілінде 500 кітап қойылған.

Іс-шара аясында «K-Chang» жобасының таныстырылымы өтті. Бұл барлық студенттерге арналған оқу бұрышы, онда олар әртүрлі тақырыптағы кітаптармен танысып, білімдерін толықтыра алады. Кёнсанбук-до провинциясының губернаторы Ли Чол У мырза бастаған делегацияның жақсы бастамасы екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта отырып, университет басшылығының қолдауына ие болды.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Фараби университетіне бет алған адамның көзіне ең алдымен Алатаудың ақ қарлы шыңдары және оның аясында ойға шомып тұрған әл-Фарабидің бейнесі шалынады. Мен үшін олардың бірі – табиғаттың, екіншісі – парасаттың символ-бернесі. Ал табиғат пен парасат, біздің ұғымымызда, бұл ғұмырдағы баянды да сәулелі, мәңгі ұғымдар... Осынау бейнелердің ғажап үйлесімі тек қана Қазақ университетіне, тек менің туған университетіме тән үйлесім екенін ойлағанда, кеудемді мақтаныш пен алғыс, жауапкершілік сезімі қат-қабат кернейді. Осы сезіммен пендешілік тірлікті артқа ысырып тастап, рухани ордама қарай ентелей ұмтыламын... Шын мәнінде осы бір ғажап мекенде білім мен ғылым атты қасиетті де баянды ұғымдар өсіп-өнуде.

ұлағатын ұғынған сайын пайымдай түсемін. Филология факультетінде бес жыл (1988-93 жылдар) бойына әдебиет пен тілді оқытқан аяулы ұстаздарымның жарқын да асыл бейнелері көз алдыма келіп тұра қалады: Ханғали Сүйіншәлиев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Мархабат Томанов, Алма Қыраубаева, Сапархан Мырзабеков, Берікбай Сағындықов, Хасан Каримов, Айтбай Айғабылов, Талғат Сайранбаев, Мырзатай

Нұрлан Сағындықов, Шоқан Шортанбай, Самал Дәрібаев, Гүлмира Қазыбек, Аяжан Тау-соғарова, Ерхан Карбозов т.б. сынды қатарлас, қанаттас әріптестерімнің өзі де бір-бір тұлға, себебі біз бәріміз де ұстаздықты қызмет те, міндет те емес, парызымыз, мұратымыз ретінде атқарып жүрміз деп санаймын. Өйткені біздің бәрімізді аяулы ұстаздарымыз, Әл-Фарабидің атындағы қасиетті университетіміз осындай өнегемен тәрбиелеген.

адам өмірінің мәнін, білім мен ғылымның маңызын терең ұғына білетіндігіне кәміл сенемін.

ҚазҰУ-да оқып жүрген студенттеріміздің жан-жүрегі де, мінезі де ҚазҰУ табиғатындай көркем болып, ақыл-парасаты мен мақсат-мұраты Алатаудай биіктей берсе, әл-Фарабидің «Ғылыммен айналысамын деген адамның ақыл-ойы айқыны, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек» деген сөздерін жадынан шығармаса деген ұстаздық тілегім бар.

Қазіргі уақытта ҚазҰУ қалашығында студенттердің білім алуына, рухани өсуіне, денсаулығын нығайтуына өте жақсы жағдай жасалуда. Көрікті шырша, гүлзарлармен көмкерілген қалашықта заманауи тұрғыдан жасақталған Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, күрделі жөндеуден өткен жайлы жатақханалар, обсерватория, технопарк, лабораториялар т.б. ғимараттар бар. Жақында ғана халықаралық деңгейдегі ғылыми-инновациялық хаб құрылғаны туралы хабарланды. Әрине, ғылым мен білімді игерген маман болған дұрыс, дегенмен маман болумен қатар, біздің жастарымыздың адал да әділ, ізгі де қайырымды адам болып қалыптасуы өте маңызды. Бұл орайда, қалашықтағы тағы бір ерекше көріністі – әдемі аллеяның бойында ілінген «Абайдың Кісілік кодексін» арнайы атап өтсек, артық болмайды. ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында атқарылған ғылыми жоба нәтижесі болып табылатын «Абайдың Кісілік кодексі» қазіргі уақытта ҚазҰУ-дың өзіндік брендине айналған. Кісіліктің қарапайым қағидаларынан құралған қанатты сөздер ҚазҰУ қалашығында білім нәрін жинап жүрген жас өрендердің рухани санасына оң әсер етіп, тура жолға бастайтыны кәміл. Ізгілік пен парасатқа, білім-ғылымға қарай тоқсан жылдан бері үздіксіз қадам басып, биіктеп келе жатқан мәңгі жас, мәңгі көркем Фараби университетім жасай берсін!

Ләйла МҰСАЛЫ,
филология ғылымының
кандидаты, ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу
институтының доценті

Мәңгі жас Фараби университеті

УНИВЕРСИТЕТ – ПАРАСАТ МЕКТЕБІ

Асқар таудың бөктеріндегі мәңгі жас көркем қалашық – «КазГУградқа» 1988 жылы, он сегізге толар-толмас балғын шағымда тұңғыш рет аяқ басқан едім. Кеудемде үміттен гөрі күдік басым еді, «мынадай салтанатты да еңселі білім ордасы мен үшін есігін аша ма, мен оған лайықпын ба...» деген тәрізді ой көкейімде тұрды. Ол кезде қазіргідей тест тапсыру деген атымен жоқ, үш рет емтиханға кіріп, шығарма жазып, ауызша жауаптар беріп, конкурсқа түсіп, түрлі жеңілдіктері бар абитуриенттерден кейін әзер дегенде 30-орынға іліндім-ау... Осы бір сәттіліктің тағдырдың өзіме сыйлаған үлкен бақыты екенін сол кезде пайымдай алмаған да болармын...

ҚазҰУ-дағы бес жыл, университет пен ол кезде А.С.Пушкин атындағы кітапхана мен жатақхананың арасын жол қылған, ұстаздарымның берген тізіміндегі бұрын атын естіп те көрмеген ғалымдардың кітабын көз майын тауысып оқып, талай қалың дәптерлерді толтырып, конспект жазған, ақыл-қиялыма қанат біткен, таныммен өскен қайталанбас студенттік күндерім өмірімдегі ең саналы, ең өнімді, мағыналы жылдар болғанын қазір түсінгендеймін...

Әбу Насыр әл-Фараби «Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғынуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына көмектесетін күш» деген екен. Шығыс данышпанының бұл

сөздері қандай дәл айтылған. Университет мен үшін ақыл-парасат мектебі болды, ол мені ойлау-ойланудан – пайымдауға – ұғынуға – ұғымның аражігін ажыратуға үйретіп, өмір атты академияға дайындап шығарды...

ФИЛОЛОГИЯ – СӨЗДІ СҮЮ ФАКУЛЬТЕТІ

...Университеттен факультет таңдау да он сегіз жастағы маған оңай болмап еді. Шығыстану, философия, заң, тарих ғылымдары да қызықтырып, қол бұлғады. Дегенмен «Өнер алды – қызыл тіл» деген мақалды жаттап өскен қазақ баласы ретінде филологияға бүйрегім бұра берді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» атты қанымызға сіңген қастерлі де қасиетті атауы бар мамандықты таңдағанымға ешқашан өкінген емеспін, себебі жоғарыда аталған өзге ғылымдардың бәрі де тілмен сипатталады, сөзбен баяндалады, ал әдебиетте ұлттың болмысы мен жаны тірі қалпында сақталады деп ұқтым. Бұл мамандық мені ешқашан өз ұлтымнан алыстатқан емес, керісінше, туған халқымыздың рухани болмысына бойлата берді...

Міне, мен оқыған факультет те тарихы терең, мұраты биік факультет еді... Осы бағытта білім тереңіне жетелеген, дәрістерімен ойымды өсірген ардақты ұстаздарымды қалай ұмытайын...

КЕУДЕСІ ЖАҚСЫЛАРДЫҢ – АЛТЫН САНДЫҚ

«Кеудесі жақсылардың – алтын сандық» деген мақалдың мағынасын университетте дәріс берген ұстаздарымның



Серғалиев, Әуез Бейсебаев, Ерлан Ахмаев, Салтанат Белтенев т.б. Осы ұстаздарымның әрқайсысымен жүрегіміз қан жылап қоштасқанда, қай-қайсысының да берген өнегесі мен ұлағаты алдымен есімізге келді. Ұлт рухының қайнар көзі – ана тіл мен әдебиеттің қырсырын, құпиясы мен қасиетін жас ұрпақтың бойына сіңіруге, теориясы мен тарихын танытуға саналы ғұмырларын сарп еткен ұстаздарымның әрбірі құрмет пен алғысқа лайық.

Әлі күнге дейін ақылы мен қамқорлығын аямай алдымызда асқар тауымыздай болып жүрген Жанғара Дәдебаев, Қансейіт Әбдезұлы, Жансейіт Түймебаев, Зинол-Ғабден Бисенғали, Өмірхан Әбдиманұлы, Мүбәрак Үмбетбаев, Светлана Әшімханова, Аслан Жақсылықов, Темірғали Есембеков т.б. ұстаздарыма Алла ұзақ ғұмыр бергей деп тілеймін, ҚазҰУ-дың қазынасына айналған ардагерлерімізден үйренеріміз әлі де көп.

Мен үшін факультетте оқытушылық қызметті бірге атқарып жүрген Фазыл Бисенбаев,

ҚАЗҰУ-ДЫҢ СӘНІ МЕН МӘНІ – СТУДЕНТ ЖАСТАР

Ақыл-парасат салтанат құрған осындай қастерлі мекенде, шыршамен, гүлмен көмкерілген ертегідей қалашықта білім алып жүрген жастар қандай бақытты еді... Ғылым мен білімнің әр саласынан түрлі мамандықты таңдап, оқып жүрген білімгерлер арасында тіл мен әдебиетті таңдап, ізімізді қуып келе жатқан филолог студенттеріміздің орны мен үшін ерекше. Филология факультеті – туған тілі ананың сүті, өкенің қанымен бойына сіңген, тілмен бірге халықтың бүкіл ұлттық болмысын бойына жинаған ізетті, ибалы қыздар мен ұлтжанды, саналы, қайсар жігіттер оқитын қасиетті орта. Болашақ тілшілер мен әдебиетшілер халқымыздың қасиеттерін өз бойында жинақтап қана қоймай, келер ұрпақтарға жалғастыратын, рухани сабақтастықтың үзілмеуіне қызмет ететін келешек зиялылар десек артық емес. «Өнер алды – қызыл тіл» демекші, сөз өнерін серік еткен бұл жастардың өз замандастарынан оқ бойы озық жүретініне,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының «Мұнай химиясы» мамандығы бойынша екінші курс магистранттары Францияның Лион Клод Бернар университетіндегі тәжірибелік оқуын табысты аяқтады.

Он айлық оқу барысында Нәдір Жамантай, Иван Классен, Ақжол Ақан және Нұрлы Тасболатова жоғары дайындық пен кәсіби шеберлік таныта отырып, ғылыми жұмыстарын қорғады.

Университет профессоры Шашанк Мишра өз хатында ҚазҰУ-дың ынталы, талантты студенттерді жібергені үшін

Францияда ғылыми жұмыстарын қорғады

алғысын білдірді. Бұл академиялық байланыстар студенттеріміздің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып, университеттер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуде.

Магистранттарымыздың халықаралық аренадағы жетістігі университетіміздегі білім деңгейінің жоғары екенін және студенттердің дарындылығын растауда. Бұл жетістіктер төменгі курс студенттерінің білімдерін жетілдіруге деген ынтыласын арттырып, университет имиджін жақсартуға септігін тигізеді.

Шетелде оқу магистранттарға халықаралық ортаға өнуге көмектеседі әрі олардың



білімдерін толықтырып, жаһандық трендтерді түсінуге мүмкіндік береді. Олар мансаптық, жеке даму мақсаттарына қол жеткізеді. Шетелде оқыған түлектер көбінесе еңбек нары-

ғында бәсекелестік артықшылықтарға ие, өйткені жұмыс берушілер халықаралық тәжірибе мен мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын бағалайды.

Бірлескен білім беру бағдарламасының бастамашысы Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының меңгерушісі, х.ғ.д., профессор Е.А.Әубәкіров болды. Оның ақымды жұмысы арқасында ҚазҰУ магистранттары Еуропаның үздік университеттерінде білім алуға бірегей мүмкіндік алды және өздерінің өршіл ғылыми армандарын жүзеге асырды. Ғалымның бір магистранты – Иван Классен Ұлыбританиядағы Манчестер университетінің докторантурасына түсті.

Гүл БАЯНДИНА

2024 год является знаменательным для системы высшего образования нашей страны, в этот год отмечается 90-летие создания старейшего вуза Казахстана – КазНУ имени Аль-Фараби! На протяжении 90-летней истории университета военная кафедра является важнейшим звеном всего комплекса подготовки высокопрофессиональных специалистов.

Я горжусь тем, что вот уже более 20 лет своей военной и трудовой биографии работаю на военной кафедре в КазНУ имени Аль-Фараби. За годы существования военной кафедры подготовлено более 40 тысяч офицеров запаса, которые находясь на военной и государственной службе вносят достойный вклад в развитие и укрепление независимости нашего государства.

Еще в 70-80 годы прошлого столетия, военная кафедра КазГУ имени С.Кирова являлась одной из лучших и передовых кафедр Советского Союза, показательно, что именно на базе нашей военной кафедры Министерство обороны СССР в 1976 провело учебно-методические сборы с руководителями военного образования военных округов Союза. Много достаточно значимых событий произошло за эти годы, но хочу остановиться прежде всего вкладе сотрудников военной кафедры в дело обучения и воспитания студентов, подготовки офицеров запаса для нужд нашей казахстанской армии.

В 90-е годы, на этапе становления независимости нашего государства и строительства Вооруженных Сил военная кафедра под руководством полковника Фридмана Эдуарда Константиновича сохранила традиции высококлассной подготовки офицеров запаса, неоценимую помощь полковнику Фридману Э.К. оказывали в первую очередь его заместители полковники Чуинбаев Булат Чуинбаевич и Поморцев Владимир Владимирович. Методики подготовки офицеров запаса военной кафедры КазНУ имени Аль-Фараби были внедрены для военных кафедр гражданских Вузов всего Казахстана.

В 2000 годы, в период становления КазНУ имени Аль-Фараби, как одного из передовых высших учебных заведений, не только Казахстана, но и Центральной Азии, на военной кафедре стали внедряться новые подходы в

подготовке военно-обученного резерва для Вооруженных Сил. В этот период, под руководством начальника военной кафедры полковника Муздыбаева Раулана Тлеуовича на военной кафедре был увеличен набор студентов, стали обучаться студенты других вузов Алматы, значительно обновлена учебно-материальная база. На военную кафедру стали приниматься на работу офицеры запаса и отставке.

Большой вклад в дело совершенствования учебного процесса и материальной базы внесли полковник запаса, кан-



Устремленность в будущее!

дидат технических наук Ермекаев Пернехан Ашимбаевич, подполковники запаса Ковалев Виктор Сергеевич и Исаенко Геннадий Сергеевич. Интересен факт, что только на нашей военной кафедре, единственной в стране, в эти годы практическое вождение боевой машины пехоты БМП-2 в ходе учебных сборов осуществлялся на учебно-тренировочном полигоне, расположенном на территории КазГУграда.

Новый этап развития военной кафедры начался с 2015 года, когда приказом Министра обороны Республики Казахстан, на должность начальника кафедры был назначен опытный офицер, с большим командным опытом полковник Ажимов Олег Вали-Ахметович. Этот период характерен тем, что значительно увеличен набор студентов, так если в 1994

году на кафедре обучались студенты по 3-м военно-учетным специальностям, то сейчас мы обучаем студентов по 19 военно-учетным специальностям. Постоянно совершенствуется учебно-материальная база, создаются новые учебные аудитории, на территории кафедры силами преподавателей и студентов созданы учебно-тренировочные полигоны ПВО Сухопутных войск и мотострелковых войск. Фактически создан заново интерактивный стрелковый тир, установлены тренажерные комплексы для подготовки стрелков-зенитчиков и механиков водителей боевой машины пехоты.

Учебный процесс проводится в тесной связи с Военным институтом Сухопутных войск имени Сагадаты Нурмагамбетова, Военно-инженерным институтом радиоэлектроники

и связи МО РК, Управлением военной полиции и Военной прокуратурой Алматинского гарнизона, Филиалом Центрального военно-исторического Музея Вооруженных Сил в городе Алматы.

Большой вклад в дальнейшее развитие военной кафедры вносят офицеры полковники запаса Мусин Асхат Сейтханович, Рябченко Константин Валерьевич, Ельмухамбетов Амангали Айтжанович, Жармухамбетов Кайрат Муратбекович, старший прапорщик в отставке Такиянов Мереке Газизович.

Важнейшее место в деятельности руководства и коллектива военной кафедры занимает воспитательная и военно-патриотическая работа со студенческой и школьной молодежью. С 2015 года по настоящее время организовано и проведено более 500

мероприятий военно-патриотической направленности. В ходе Дней открытых дверей военную кафедру посетило около 6000 тысяч студентов, родителей студентов и школьников города Алматы. По инициативе полковника Ажимова О.В. и с согласованием с городским Управлением образования с 2017 года военной кафедрой проводится военно-патриотическая игра «Сарбаз» среди команд лучших алматинских школ. Спонсорами которой являются профсоюзный комитет университета «Парасат», Республиканская военно-патриотическая газета «Сарбаз» и Алматинский филиал Ассамблеи народа Казахстана.

Для проведения мероприятий военно-патриотической направленности на военной кафедре создан Центр военно-патриотической работы, включающий в себя Музей военной кафедры, именные аудитории народных героев Сагадаты Нурмагамбетова и Бауыржана Момышулы. Военно-патриотические мероприятия проводятся не только со студентами, обучающимися на военной кафедре, но и со школьниками города. Активнейшим образом в этой работе участвуют полковник в отставке Иханбаев Бекболат Муталипович, подполковники в отставке Болгов Александр Тимофеевич, Чингисбаева Баян Нурберовна, старший лейтенант Бакиева Фарида Таиповна, руководитель профсоюзного комитета, начальник отдела военно-патриотической работы Бейсетбаева Эльнара Аббаевна и начальник отдела информационных систем Шарнин Степан Александрович. В вопросах военно-патриотической работы налажена тесная связь такими учебными заведениями как профильная школа КазНУ, специализированный лицей «Арыстан», физико-математическая школа «Тамос», гимназия национального центра «Бобек».

В год 75-летия создания университетской газеты, необходимо отметить активную информационно-имиджевую работу, проводимую на военной кафедре. Для организации данной работы создан Пресс-центр и корреспондентский пункт Республиканской военно-патриотической газеты «Сарбаз». Студентами и сотрудниками кафедры с 2015 года по настоящее время подготовлено более 400 публикаций в газетах, социальных сетях и на различных сайтах. С 2021 года ежемесячно студенты обучающиеся по военно-учетным специальностям воспитательных структур осуществляют выпуск дайджестов новостей военной кафедры.

В год празднования 90-летия передового вуза Казахстана – КазНУ имени Аль-Фараби, мы уверены смотрим в будущее! Все поставленные цели и задачи по воспитанию и обучению студенческой молодежи, сплоченным коллективом военной кафедры будут выполнены!

Владимир ВОРОНИН,
начальник цикла
воспитательной и
идеологической работы
военной кафедры



Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының ұйымдастыруымен Тілдер мерекесіне орай, «Тіл – тарихтың тұғыры» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараның мақсаты – жастардың бойында мемлекеттік рәміздерге, ана тіліне деген құрмет сезімін қалыптастыру, қазақстандық рухани бірлікті нығайту, ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету, отансүйгіштік сезімді ояту, жастардың ұлттық мәдениет пен өнерге деген ықыласын арттыру.

Жиынды Экономика кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент Фалия Рахметқызы алғы сөзбен ашып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы өсиеті мен бүгінгі мемлекеттік тілдің орнын, маңызын айтып, мерекелік іс-шараның өзектілігіне тоқталды.

Алқалы жиынға Алматы қаласы әкімі аппараты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Бақыт Қалымбет пен бас инспектор Ардақ Нұрғазы арнайы шақырылып, факультеттің оқытушы-профессорлық құрамы және студенттерімен кездесті.

Бақыт Әбиірұлы өз сөзінде Қазақстан халқының тілдері күні мерекесінің маңызы ерекше екенін айтты. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев атап өткендей, мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық ба-

Тіл – бірліктің тірегі



ғыттарының бірі барлық азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі екенін, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда біртұтас тіл саясатын жүргізуге бағытталған нормативтік-құқықтық базаның негізі қаланғанын жан-жақты, терең таратып, түсіндіріп берді. Қазақ тілі азаматтық интеграцияның пәрменді құралы, мәдени-рухани бірліктің бейнесі екенін талдап, саралады. Алматы қа-

ласы бойынша мемлекеттік тілді этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде танымал ету, сондай-ақ барлық этностардың мәдени және тілдік ерекшелігін құрметтеу мақсатында жүйелі жұмыс жүріп жатқанын тілге тиек етті. Осынау игілікті іске мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым, ақын-жазушыларымыз бен өнер шеберлері, еңбек ардагерлері, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың және жастардың өкілдері белсене атсалысып жүргеніне алғысын айтты.

Іс-шара қорытындысы мерекелік ән-шашу және қонақтарымызға сый-сияпат көрсетумен аяқталды.

Илияс ҚҰЛИЕВ,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің аға кураторы

3D басып шығару озық технологиясы



тінің «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» және «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтарының студенттері 3D басып шығару саласындағы алдыңғы қатарлы озық технологияларды пайдалану бойынша қосымша

құзыреттерге ие болады. Бұл кәсіби дағдыларды жетілдіріп, заманауи әдістерді оқу және ғылыми-зерттеу қызметінде қолданудың бірегей мүмкіндігі екенін баса айтқымыз келеді.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тазалық апталығы өтті.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылып жатқан сенбілікке 16 факультеттің студенттері мен оқытушылар және ЖОО қызметкерлері белсенді қатысты.

Тазалық апталығы өтті



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына жолдауында: «Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Бұл уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет», – деп атап өткен болатын.

Тазалық акциясына қатысушылар оқу ғимараттары мен жатақханалардың айналасын ретке келтірді.

Апталықтың мақсаты – білім алушы жастарды қоршаған ортаны таза ұстауға үндеп, экологиялық мәдениет қалыптастыру және ҚазҰУ қалашығының санитарлық жағдайын жақсарту.

Сенбілік барысында университет аумағы жапырақ-



тардан, қоқыстан тазартылды. Жиналған қоқыс пен кесілген ағаштарды тасымалдауға арнайы техникалар жұмылдырылды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.